

2015-2017 жылдарға арналған Шымкент қаласының бюджеті туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 44/296-5с шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 желтоқсанда № 2933 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 1-31 хатымен)

Сноска. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 27.01.2016 № 1-31 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 34/258-V «2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2919 тіркелген шешіміне сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2015-2017 жылдарға арналған Шымкент қаласының бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2015 жылға мынадай көлемде б е к і т і л с і н :

- 1) кірістер – 79 506 732 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 39 212 179 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 410 467 мың теңге;негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 2 018 057 мың теңге;
 - трансферттер түсімі – 37 866 029 мың теңге;
 - 2) шығындар – 80 335 504 мың теңге;
 - 3) таза бюджеттік кредиттеу – 1 220 275 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер – 1 220 275 мың теңге;
 - 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – -138 098 мың теңге,
- о н ы ң і ш і н д е :
- қаржы активтерін сатып алу – 252 101 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 390 199 мың теңге;
 - 5) бюджет тапшылығы – - 1 910 949 мың теңге;
 - 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 1 910 949 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент

қалалық мәслихатының 14.12.2015 № 53/408-5с шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізілсін).

2. 2015 жылға арналған қала бюджетінде облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттері келесідей мақсаттарға қарастырылғаны ескерілсін:

қаланы абаттандыруға – 384 097 мың теңге;
жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге – 22 295 мың теңге;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізуге – 253 412 мың теңге;

Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде, жолдар мен көшелерді орташа жөндеуге – 18 114 мың теңге;

эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге – 78 240 мың теңге;
сарып ауруымен ауратын ірі қара малдың санитарлық союға (30%-дан 50%-ға дейін өтеу құнын көбейту) – 11 907 мың теңге;

сарып ауруымен ауратын ұсақ малды санитарлық сою және жоудың құнын 50% өтеуге – 2 567 мың теңге;

балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету шығындарын өтеуге – 55 764 мың теңге;

патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу үшін шығындарын өтеуге – 19 454 мың теңге;

жаңадан іске қосылған нысандарды ұстауға – 129 376 мың теңге;
жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің еңбек ақыларына – 249 278 мың теңге ;

мектептің жылуына сұйық отын алуға – 16 038 мың теңге;
мектептердің жылу құбырларын ағымдағы жөндеуге және қысымдауға – 28 481 мың теңге ;

аз қамтылған отбасынан шыққан мектеп оқушыларына материалдық көмек көрсетуге – 203 737 мың теңге;

білім беру нысандарында күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге – 1 099 608 мың теңге ;

жолдарды күрделі және орташа жөндеуге – 748 950 мың теңге;

Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде білім беру объектілерін күрделі жөндеуге – 31 835 мың теңге;

жалпы білім беретін мектептерді оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерімен қамтамасыз етуге – 452 598 мың теңге;

Ұлттық валюта курсының төмендеуіне байланысты аз қамтамасыз етілген отбасыларға әлеуметтік көмек көрсету үшін – 47 152 мың теңге.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 27.03.2015 № 46/323-5с шешімімен; өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 21.07.2015 № 48/365-5с; 29.10.2015 № 51/399-5с шешімдерімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізілсін).

2-1. 2015 жылға арналған қала бюджетінде республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттері келесідей мақсаттарға қарастырылғаны ескерілсін:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға – 4 052 055 мың теңге;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізуге – 182 946 мың теңге;

үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны көтеруге – 555 842 мың теңге;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге – 2 000 мың теңге;

18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге – 29 211 мың теңге;

«Инватакси» қызметін дамытуға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға – 3 704 мың теңге;

арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге – 4 960 мың теңге;

мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын көбейтуге – 83 185 мың теңге;

мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын жұмыскерлерінің, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге – 1 576 035 мың теңге;

агроөнеркәсіптік кешеннің жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелерін ұстауға – 10 342 мың теңге;

азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға – 4 353 мың теңге.

Ескерту. Шешім 2-1-тармақпен толықтырылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 26.01.2015 № 45/317-5с шешімімен; жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 27.03.2015 № 46/323-5с шешімімен; өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 29.10.2015 № 51/399-5с; 14.12.2015 № 53/408-5с шешімдерімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізілсін).

3. 2015 жылға арналған қала бюджетінде облыстық бюджеттен нысаналы даму трансферттері келесідей мақсаттарға қарастырылғаны ескерілсін:

қаланы және елді мекендерді көркейтуді дамытуға – 454 819 мың теңге;
білім беру объектілерін салу және реконструкциялауға – 3 116 844 мың теңге;
мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алуға – 2 991 576 мың теңге;
инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алуға – 4 913 389 мың теңге;
сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға – 1 936 332 мың теңге;
коммуналдық шаруашылықты дамытуға – 1 323 787 мың теңге;
спорт объектілерін дамытуға – 285 617 мың теңге;
жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға – 848 287 мың теңге;
газ тасымалдау жүйесін дамытуға – 1 811 621 мың теңге;
көлік инфрақұрылымын дамытуға – 4 560 544 мың теңге.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 29.10.2015 № 51/399-5с шешімімен; өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 14.12.2015 № 53/408-5с шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізілсін).

3-1. 2015 жылға арналған қала бюджетінде республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері келесідей мақсаттарға қарастырылғаны ескерілсін:
білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға – 2 835 837 мың т е ң г е ;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға – 827 107 мың теңге;
инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға – 163 798 мың теңге;
мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға – 2 5 2 1 0 1 мың т е ң г е .

Ескерту. Шешім 3-1-тармақпен толықтырылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 26.01.2015 № 45/317-5с шешімімен; жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 27.03.2015 № 46/323-5с шешімімен; өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 29.10.2015 № 51/399-5с; 14.12.2015 № 53/408-5с шешімдерімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізілсін).

3-2. 2015 жылға арналған қала бюджетінде республикалық бюджеттен мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алуға 1 102 638 мың теңге кредиттер қарастырылғаны ескерілсін.

Ескерту. Шешім 3-2-тармақпен толықтырылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 26.01.2015 № 45/317-5с шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізілсін).

3-3. 2015 жылға арналған қала бюджетінде Қазақстан Республикасының

Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттері келесідей мақсаттарға қарастырылғаны ескерілсін:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға – 616 834 мың теңге; білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға – 570 000 мың теңге; мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алуға – 160 808 мың теңге кредиттер; жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылысына – 1 220 275 мың теңге кредиттер.

Ескерту. Шешім 3-3-тармақпен толықтырылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 27.03.2015 № 46/323-5с шешімімен; өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 29.10.2015 № 51/399-5с; 14.12.2015 № 53/408-5с шешімдерімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізілсін).

4. Қала әкімдігінің 2015 жылға арналған резерві 461 215 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 29.10.2015 № 51/399-5с; 30.11.2015 № 52/402-5с шешімдерімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізілсін).

5. Осы шешімнің 4 қосымшасына сәйкес қала бюджетінің атқарылуы процессінде секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарлама тізбесі бекітілсін.

6. Осы шешімнің 5 қосымшасына сәйкес 2015-2017 жылдарға қаладағы аудандардың бюджеттік бағдарламалары бекітілсін.

7. Осы шешім 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілсін.

Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы *Ғ.Ахметбаев*

Қалалық мәслихат хатшысы *Н.Бекназаров*

Шымкент қалалық мәслихатының
2014 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 44/296-5с шешіміне № 1 қосымша

2015 жылға арналған Шымкент қаласының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 14.12.2015 № 53/408-5с шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізілсін).

Санаты		Атауы		Сомасы мың теңге
		Сыныбы		
		Ішкі сыныбы		
1		2		3

			I. Кірістер	79 506 732
1			Салықтық түсімдер	39 212 179
	01		Табыс салығы	15 011 877
		2	Жеке табыс салығы	15 011 877
	03		Әлеуметтік салық	11 648 562
		1	Әлеуметтік салық	11 648 562
	04		Меншікке салынатын салықтар	5 132 530
		1	Мүлікке салынатын салықтар	3 398 099
		3	Жер салығы	556 010
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 177 550
		5	Бірыңғай жер салығы	871
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	6 807 582
		2	Акциздер	5 979 804
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	182 770
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	573 597
		5	Ойын бизнесіне салық	71 411
	07		Басқа да салықтар	700
		1	Басқа да салықтар	700
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	610 928
		1	Мемлекеттік баж	610 928
2			Салықтық емес түсімдер	410 467
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	117 125
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	3 262
		4	Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	8 825
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	101 485
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	3 553

	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	27
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	27
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	25 708
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	25 708
	06		Өзге де салықтық емес түсімдер	267 607
		1	Өзге де салықтық емес түсімдер	267 607
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	2 018 057
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 321 662
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 321 662
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	696 395
		1	Жерді сату	659 000
		2	Материалдық емес активтерді сату	37 395
4			Трансферттердің түсімдері	37 866 029
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	37 866 029
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	37 866 029
Функционалдық топ			Атауы	
	Кіші функция			Сомасы мың теңге

		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама			
			II. Шығындар	80 335 504	
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	893 673	
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	782 932	
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	17 087	
			001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16 697	
			003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	390	
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	438 944	
			001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	191 568	
			003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	247 376	
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	326 901	
			001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	321 284	
			022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 617	
	2		Қаржылық қызмет	10 000	
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	10 000	
			003 Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	10 000	
	5		Жоспарлау және статистикалық қызмет	85	
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	85	
			061 Бюджеттік инвестициялар мәселелері бойынша құжаттаманы сараптау және бағалау, бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізу	85	

	9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	100 656
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	100 656
			001 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	100 215
			015 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	441
02			Қорғаныс	95 137
	1		Әскери мұқтаждар	46 660
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	46 660
			005 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	46 660
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	48 477
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	48 477
			006 Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	46 701
			007 Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	1 776
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	258 424
	6		Қылмыстық-атқару жүйесі	20 631
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	20 631
			039 Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуды ұйымдастыру және жүзеге асыру	20 631

	9		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы өзге де қызметтер	237 793
		485	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	237 793
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	237 793
04			Білім беру	39 518 314
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	7 997 825
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	7 997 825
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	507 595
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	7 490 230
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	20 351 239
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	20 351 239
		003	Жалпы білім беру	19 580 957
		006	Балаларға қосымша білім беру	770 282
	4		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	36 734
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	36 734
		018	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	36 734
	9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	11 132 516
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 863 627
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	44 761
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	796 901
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға	166 116

			қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	
		022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	22 295
		029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	56 127
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 777 427
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	8 268 889
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	8 268 889
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 156 433
	1		Әлеуметтік қамсыздандыру	19 454
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	19 454
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	19 454
	2		Әлеуметтік көмек	1 975 939
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	1 956 181
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	91 042
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	8 057
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	25 384
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	344 956
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	8 042

		013	Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу	78 510
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	81 111
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	513 995
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	270 875
		052	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	534 209
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	19 758
		008	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	19 758
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	161 040
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	161 040
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	112 884
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	4 849
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 908
		050	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	25 259

		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	10 140
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	23 686 932
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	13 080 191
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	31 835
		026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	31 835
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	11 252 180
		003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	5 782 304
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	5 469 876
		479	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы бөлімі	14 172
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13 832
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	340
		485	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	18 114
		004	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	18 114
		497	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі	1 763 890
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	140 734
		003		97 689

			Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	
		004	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру	1 125 299
		005	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	242
		006	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	106 666
		008	Қазақстан Республикасының сейсмоқауіпті өңірлерінде орналасқан тұрғын үйлердің сейсмостұрақтылығын қолдауға бағытталған іс-шаралар	180 760
		031	Кондоминиум объектілеріне техникалық паспорттар дайындау	29 356
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	5 563
		033	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	44 018
		049	Көп пәтерлі тұрғын үйлерде энергетикалық аудит жүргізу	33 563
2			Коммуналдық шаруашылық	3 602 870
	497		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі	3 602 870
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру	128 021
		028	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	1 360 245
		029	Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	2 114 604
3			Елді-мекендерді абаттандыру	7 003 871
	123			1 264 233

			Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	813 056
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	451 177
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	465 170
		007	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	465 170
	497		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі	5 274 468
		018	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	72 533
		025	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	852 505
		030	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1 771 057
		034	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	58 378
		035	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	2 519 995
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	3 429 417
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	820 785
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	31 363
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	31 363
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	294 262
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	148 369
		005	Зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	145 893

	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	495 160
		011	Мәдениет объектілерін дамыту	495 160
2			Спорт	2 098 881
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	1 796 379
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19 351
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	430
		005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	1 725 141
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	50 162
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 295
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	302 502
		008	Спорт объектілерін дамыту	302 502
3			Ақпараттық кеңістік	277 895
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	164 436
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	136 634
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	27 802
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	113 459
		002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	113 459
9				231 856

			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	
		455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	41 679
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19 373
		010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 000
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	21 306
		456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	190 177
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	140 800
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	46 013
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	3 364
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	2 674 696
	9		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	2 674 696
		497	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі	2 674 696
		009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	849 287
		038	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	1 825 409

10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	260 092
	1		Ауыл шаруашылығы	126 622
		474	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	126 622
			001 Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	53 467
			003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	100
			005 Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	835
			006 Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	189
			007 Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	37 600
			008 Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	14 474
			011 Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	19 582
			012 Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	375
	6		Жер қатынастары	55 230
		463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	55 230
			001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	53 120
			007 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 110

	9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	78 240
		474	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	78 240
			013 Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	78 240
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	170 026
	2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	170 026
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	81 916
			001 Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	80 916
			017 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 000
		468	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	88 110
			001 Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	56 300
			003 Аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	30 000
			004 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 810
12			Көлік және коммуникация	6 564 129
	1		Автомобиль көлігі	6 504 677
		485	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	6 504 677
			022 Көлік инфрақұрылымын дамыту	4 871 221

		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 633 456
9			Көлік және коммуникациялар саласындағы басқа да қызметтер	59 452
	485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	59 452
		001	Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	59 452
13			Басқалар	517 355
3			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	56 140
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	56 140
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	56 011
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	129
9			Басқалар	461 215
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	461 215
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	461 215
14			Борышқа қызмет көрсету	371
	1		Борышқа қызмет көрсету	371
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	371
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	371
15			Трансферттер	110 505
	1		Трансферттер	110 505

		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	110 505
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	58 953
		024	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	51 552
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	1 220 275
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы мың теңге
Кіші функция				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
			Бюджеттік кредиттер	1 220 275
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 220 275
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	1 220 275
		497	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі	1 220 275
		053	Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру	1 220 275
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	-138 098
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы мың теңге
Кіші функция				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
			Қаржы активтерін сатып алу	252 101
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	252 101
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	252 101
		497		252 101

				Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі	
			060	Мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталдарын ұлғайту	252 101
Санаты				Атауы	Сомасы мың теңге
		Сыныбы			
		Ішкі сыныбы			
				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	390 199
6				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	390 199
		1		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	390 199
			1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	390 199
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-1 910 949
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1 910 949

Ш ы м к е н т қ а л а л ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 2 4 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 44/296-5с шешіміне № 2 қосымша

2016 жылға арналған Шымкент қаласының бюджеті

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 29.10.2015 № 51/399-5с шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізілсін).

Санаты		Атауы			Сомасы мың теңге
		Сыныбы			
		Ішкі сыныбы			
				I. Кірістер	50 451 365
1				Салықтық түсімдер	25 782 416
		1		Табыс салығы	6 404 778
			2	Жеке табыс салығы	6 404 778
			3	Әлеуметтік салық	5 145 197
			1	Әлеуметтік салық	5 145 197
			4	Меншікке салынатын салықтар	5 166 341
			1	Мүлікке салынатын салықтар	3 200 800

		3	Жер салығы	671 652
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 293 595
		5	Бірыңғай жер салығы	294
	5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	8 384 056
		2	Акциздер	7 502 651
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	175 373
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	626 983
		5	Ойын бизнесіне салық	79 049
	8		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	682 044
		1	Мемлекеттік баж	682 044
2			Салықтық емес түсімдер	95 767
	1		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	95 756
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	1 056
		4	Мемлекет меншігіндегі, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	9 200
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	85 500
	2		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	11
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	11
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	311 000
	1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	10 000

		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	10 000
	3		Жерді және материалдық емес активтерді сату	301 000
		1	Жерді сату	260 000
		2	Материалдық емес активтерді сату	41 000
4			Трансферттердің түсімдері	24 262 182
	2		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	24 262 182
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	24 262 182
Функционалдық топ				Сомасы мың теңге
Кіші функция				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
